

- [8] A. Apsamet., S.K. Kudajbergenova. Pedagogterдің oz densaulygyna katynasyn zertteu. // Vestnik Kazhskogo Nacional'nogo pedagogicheskogo universiteta im.Abaya, Tom 71 № 2 (2022) [Elektronnyk resurs]. URL: <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-7847.16%20> (otinin berilgen kuni: 14.07.2022)
- [9] Zhannat Saparkyzy, Sharbanu Maygeldiyeva, Zannat Maygeldiyeva, Sagat Taiman, Sandigul Daribaeva. Influence of Innovative Health-Saving Education Technologies on Improvement of Mental Activity of Students. // E3S Web of Conferences 159, 09011- 2020 [Elektronnyk resurs]. URL: <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202015909011> (otinin berilgen kuni: 10.06.2022)
- [10] Gedik, Z. Self-compassion and health-promoting lifestyle behaviors in college students (2019) Psychology, Health and Medicine, 24 (1), pp. 108-114 [Elektronnyk resurs]. URL:<https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85052115984&doi=10.1080%2f13548506.2018.1503692&partnerID=40&> (otinin berilgen kuni: 18.06.2022)
- [11] Ivanova, N. Valeological approach to form a healthy lifestyle of students of surgut oil and gas institute [Article@Enfoque valorológico para formar un estilo de vida saludable en estudiantes del instituto de gas y petróleo de surgut] (2020) Universidad y Sociedad, 12 (2), pp. 174-177. Elektronnyk resurs]. URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85100898751&partnerID=40&md5=19361587a5d0c8a0c0a5d690eb0ecTip> (otinin berilgen kuni: 29.05.2022)
- [12] Palienko, O., Ivanenko, O. Olga Palienko & Oksana Ivanenko Health and preventive orientation of physical education of student youth (2022) Fizicna Reabilitacia ta Rekreativno-Ozdorovci Tehnologii, 7 (1), pp. 11-15. 1) [Elektronnyk resurs].URL: <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0> (otinin berilgen kuni: 19.08.2022)
- [13] M.N. Dudina. Sovremennyj student v samoocenke «zabota o sebe»: rezul'taty empiricheskogo issledovaniya. // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. 2018. № 433. S. 146–151. Elektronnyk resurs].URL: DOI: 10.17223/15617793/433/20 (otinin berilgen kuni: 02.09.2022)
- [14] Saparkyzy ZH. , Majgel'dieva SH., Ayaganova A., Koldasova L.S. Densaulyk saktaudy unemdejtin okytu tekhnologiyalaryn koldanudyn kejbir aspektileri. // Vestnik Kazhskogo Nacional'nogo pedagogicheskogo universiteta im.Abaya, 2019.-№1(60).- 86-91s. (otinin berilgen kuni: 19.08.2022)
- [15] Zvyagina, E. V. Osobennosti realizacii programmy zdorovogo obraza zhizni studentov vuza fizicheskoy kul'tury g. CHelyabinska / E. V. Zvyagina, S. V. Sajfutdinov, M. S. Grishkevich // Zdorov'e cheloveka, teoriya i metodika fiz. kul'tury i sporta. – 2018. – № 3 (10). – S. 12–22. [Elektronnyk resurs].URL: <http://journal.asu.ru/zosh/article/view/4496> (otinin berilgen kuni: 10.07.2022)

МРНТИ 14.33.07

DOI 10.51889/2077-6861.2023.1.30.021

О.Т. АБИШЕВА*, А.Т. МИРХИЯЗОВА, А.Қ. ҚОРАЛАСБЕК

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)**artbura@gmail.com, assel.mt@mail.ru, koralasbekaktoty@gmail.com*

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР БАҒЫТЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Сәндік қолданбалы өнер жастар тәрбиесінде маңызды орын алады. Ол келесі міндеттерді атқарады: танымдық (бұйымдардың жасалу технологиясы мен тұрмыста қолдану), эстетикалық (көркемдік талғамды қалыптастыру), білім беру және ағарту (сәндік қолданбалы өнер пәндерінің негізінде тарихты зерттеу), патриоттық (ұлттық қолданбалы өнер негізінде рухани тәрбие).

Сәндік-қолданбалы өнерге баулу әр түрлі мамандарды дайындауда маңызды орын алады. Себебі, сәндік-қолданбалы өнердің басқа өнер түрлеріне белгілі бір әсері бар. Бұл стильдеу заңдары, әр түрлі сәндік формалар, өрнектеу ерекшеліктері, көркем бейнелеу заңдылықтарына байланысты.

Қазіргі уақытта сәндік-қолданбалы өнерге баулитын құзыретті, кәсіптік деңгейі жоғары, шебер

маман дайындау жоғарғы оқу орындарының негізгі мәселелерінің бірі болып отыр. Бұл маман дайындау барысында жүргізілетін міндетті оқу бағдарламалары мен пәндерге, оқытылатын технологиялар мен әдістер, практикалық дайындыққа тікелей байланысты.

Түйін сөздер: кәсіптік білім беру, тәрбие, сәндік-қолданбалы өнер, оқыту, дидактикалық принциптер, эстетикалық тәрбие.

О.Т. АБИШЕВА, А.Т. МИРХИЯЗОВА, А.К. КОРАЛАСБЕК

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)
artbura@gmail.com, assel.mt@mail.ru, koralasbekaktoty@gmail.com*

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ ПО НАПРАВЛЕНИЮ ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация

Декоративно-прикладное искусство занимает важное место в воспитании молодежи. Он выполняет следующие задачи: познавательную (технология изготовления изделий и их применение в быту), эстетическую (формирование художественного вкуса), образовательную и просветительскую (изучение истории на основе предметов декоративно-прикладного искусства), патриотическую (духовное воспитание на основе национального прикладного искусства).

Приобщение к декоративно-прикладному искусству занимает важное место в подготовке различных специалистов. Это связано с тем, что декоративно-прикладное искусство имеет определенное влияние на другие виды искусства. Это связано с законами стилизации, различными декоративными формами, особенностями тиснения, законами художественной выразительности.

В настоящее время одной из основных проблем высших учебных заведений является подготовка компетентных, высококвалифицированных специалистов, занимающихся декоративно-прикладным искусством. Это напрямую связано с обязательными учебными программами и дисциплинами, которые проводятся в процессе подготовки специалиста, изучаемыми технологиями и методами, практической подготовкой.

Ключевые слова: профессиональное образование, воспитание, декоративно-прикладное искусство, обучение, дидактические принципы, эстетическое воспитание.

О.Т. ABISHEVA, А.Т. MIRKHIYAZOVA, А.К. KORALASBEK

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan)
artbura@gmail.com, assel.mt@mail.ru, koralasbekaktoty@gmail.com*

FEATURES OF TEACHING STUDENTS IN THE DIRECTION OF DECORATIVE AND APPLIED ARTS IN PROFESSIONAL EDUCATION

Abstract

Decorative and applied art occupies an important place in the education of young people. It performs the following tasks: cognitive (technology of manufacturing products and their use in everyday life), aesthetic (formation of artistic taste), educational and educational (study of history based on objects of decorative and applied art), patriotic (spiritual education based on national applied art).

Familiarization with decorative and applied art occupies an important place in the training of various specialists. This is due to the fact that decorative and applied art has a certain influence on other types of art.

This is due to the laws of stylization, various decorative forms, the peculiarities of embossing, the laws of artistic expression.

Currently, one of the main problems of higher educational institutions is the training of competent, highly qualified specialists engaged in decorative and applied arts. This is directly related to the mandatory curricula and disciplines that are conducted in the process of training a specialist, the technologies and methods studied, and practical training.

Keywords: vocational education, upbringing, decorative and applied arts, training, didactic principles, aesthetic education.

Кіріспе. Сәндік-қолданбалы өнер ұғымы ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Бұған дейін ол халықтың қарапайым түсінігінде, «қолөнер» ұғымының аясында пайдаланылып келді.

Сәндік-қолданбалы өнер – көркем шығармашылықтың ерекше әлемі, адамзат өркениетінің көп ғасырлық даму тарихында жасалған өнер бұйымдарының шексіз алуан түрлі саласы. Бұл адам өмірімен тығыз байланысты сала. Себебі, сәндік-қолданбалы өнер туындылары негізінен күнделікті тұрмыста пайдаланатын бұйымдар болып табылады. Сәндік-қолданбалы өнер сол халықтың ғасырлар бойғы әрекеті, өмір салты, мәдениеті, дүниетанымынан сыр шертетін өнердің көне түрлерінің бірі болып табылады. Әрбір зат, мейлі ол жиһаз, ыдыс-аяқ, киім болсын, адам ұйымдастырған өмір ортасында ғана емес, ең алдымен оның рухани әлемінде белгілі бір орын алады. Сәндік қолданбалы өнерге ертеден келе жатқан кесте, ши тоқу, құрақ құрау, тоқыма өнері, киіз бұйымдары, ағаш пен металл бұйымдар, ою-өрнек, тігін өнері, тері өңдеу, зергерлік бұйымдар және жаңа бағыттарына бисермен жұмыс, батик, аппликация сияқты түрлері жатады.

Зерттеудің өзектілігі. Ұрпақтың көркемдік тәрбиесі тек жеке ұстаздардың шешетін мәселесі емес, ол қоғамдық жүйе негізінде қаралатын күрделі іс. Тұлғаның дамуы – болашақ міндеттерін сәтті жүзеге асыру үшін оның үнемі даму үдерісі. Сондықтан жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігін дамыту қоғам қызметінің барлық салаларында, соның ішінде білім беруде де қажет. Сәндік қолданбалы өнер саласы мамандар дайындауда студенттердің эстетикалық талғамының дамуына, ұлттық, рухани, көркемдік, дәстүрлі тәрбие беруде,

шығармашылықты дамытуда жетекші орын алады. Білім алушылардың көркемдік-шығармашылық қызметін ұйымдастыру, оларды халық өнерінің дәстүрлі түрлерінде эстетикалық тәрбиелеу – ұрпақты ұлттық мәдениетке баулудың ең тиімді нысаны болғандықтан, қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда заманға сай белсенді және тәуелсіз ойлайтын, тарихи және мәдени мұраны құрметтейтін тұлғаны дайындау ерекше өзектілікке ие [1].

Әр ұлттың ұлттық өнерінде өзіндік ерекшеліктері мен халыққа тән айырмашылықтары болады. Ұлттық өнерге баулу арқылы ұрпақ бойына ұлттық рухани құндылықтарды сіңіруді қажет етеді. Сондықтан, сәндік-қолданбалы өнердің ұрпақ тәрбиесінде алатын рөлі зор. Тәрбие сене алатын туылғаннан бір ғана бейімділік бар, ол – ұлттық. Әр халықтың өзіндік мінезі мен бейнесі болады. Сондықтан, ұлттық өнер арқылы ұрпақ бойына рухани құндылықтарды сіңіру рөлі зор [2].

Зерттеудің мақсаты. Білім беру жүйесінде халықтық сәндік қолданбалы өнер саласын оқыту дидактикалық принциптері немесе көркемдік дидактика әлі де қалыптасу сатысында. Саладағы кәсіби оқытушыларына білім берудің теориясы мен тарихын, оқыту әдістерін осы бағытта білім беру ерекшеліктерінің айқындалмау фактісімен байланыстырады. Дәстүрлі өнердің табиғатына толық сәйкес келетін, ғылыми негізделген жаңа дидактикалық оқыту жүйесін және өнер педагогикасы бойынша тәрбие, білім беру жүйесін әзірлеу мәселесі туындайды.

Негізгі бөлім. Қазақстанда жастарға көркемдік білім беріп, әсемдікке тәрбиелеу ісімен айналысатын суретші-педагог кадрларының жетіспеушілігі мен қазақтың ұлт-

тық бейнелеу өнерінің туындыларының жеткіліксіз зерттелуі, жас жеткіншектерге көркемдік білім беру саласындағы ұлттық өнер дәстүрін үйрету, қазақ бейнелеу өнер шығармаларымен, өнер шеберлерімен оқушыларды таныстыру, қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы өнерінің білімдік, тәрбиелік мәнін зерттеп, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін табуға деген бетбұрыс 70 жылдардың екінші жартысынан бастап байқала түсті.

Мәдени көркем білімді қоғам қалыптастыру жоғары және арнаулы орта білім берудің бірқатар мемлекеттік білім беру стандарттарымен жүзеге асады. Оны сәндік-қолданбалы өнер мен халықтық көркем шығармашылығы негізінде жүзеге асыруға болады. Бұл үшін сәндік-қолданбалы өнер мен халық өнерінің құрылымын - бейнелеу өнеріндегі осы екі түрлі, бірақ бірін-бірі толықтырып тұратын бағыттарды қарастырған жөн. Мұндай шектеу зерттеу әдістемесін байытады, оның тарихи-көркемдік процесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, көркем шығармашылықты дамытуда жемісті принциптер береді [3].

Білім беру мекемелерінде Көркем білім мамандықтары бойынша оқытылатын бейнелеу өнері, сызу пәндері міндетті курс. Бұл студенттердің кәсіби даярлығын арттырып қана қоймай, пәнаралық байланыс ретінде жүреді.

Кәсіптік білім беруде сәндік-қолданбалы өнер мамандары екі негізгі бағытта білім алады. Оның біріншісі, педагогикалық білім – тұлғаға білім беру мен тәрбиелеуді, оқыту заңдылықтары мен оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгеру, көркем білім – бейнелеу өнерінің негізгі заңдылықтары мен салалық дайындықты қамтиды [4].

Сәндік-қолданбалы өнер бейнелеу өнерінің бір саласы ғана болғандықтан бұл бағытты оқытудың, мамандарын дайындаудың педагогикалық міндеттері мен әдістемелік негіздері толық зерттелмеген. Осыған сәйкес, бейнелеу өнері мен сәндік-қолданбалы өнер мамандарын дайындау бір-бірімен тығыз байланысты.

Сәндік-қолданбалы өнер маманының құзыреттілігі – педагогика заңдылықтары

мен әдістемесін білу деңгейі, оқытудың технологиялары, әдіс-тәсілдері, білім деңгейінен және шығармашылықты дамыта білуі, көркем бейнелеу білімдерінің дәрежесі.

Тәрбиенің мақсаты – әлемге және адамға эмоционалдық және моральдық қатынас орнату, дамытушы білім дағдылары мен біліктілік, шығармашылық тәжірибеден өту [5]. Ұлттық сәндік-қолданбалы өнерді оқытуда студенттерге сапалы білім беру үшін оқыту ғылыми негізделген, оқытудағы дидактикалық принциптерге сай, практикалық-педагогикалық іс-әрекет тиімді сапаға бағытталған болуы керек. Педагогикалық принциптер, атап айтқанда дидактикалық принциптер педагогика өзінің конструктивті-техникалық міндетін орындағанда алатын жалпы нормативтік білімдерді ғана қамтиды. Бұл қалаған нәтижеге қол жеткізуге бағытталған жалпы нұсқаулар [6].

Әдіснамалық негіздер мен әдістер. Болашақ педагогтар дайындауда кең және тар мағынада әр түрлі тәжірибе жасаудан қорықпайтын, өзін-өзі әрдайым дамытып отыратын, идеяларға толы және шығармашылығы дамыған, проблемаларды шешуде жан-жақты жұмыс жасайтын мамандар дайындау маңызды [7]. Осылайша, мамандар дайындауда ғылыми дәлелденген оқытудың дидактикалық принциптерін және көркем шығармашылық педагогиканың жүйеленген оқыту бағдарламасының қажеттілігі туындайды.

Саналылық және белсенділік принципі. Өз бетімен меңгерілген білім санаға жақсы сіңеді. Дәстүрлі оқытуда бұл принцип білім алудың жалпылама ретімен жүргізіледі. Мұндай оқыту студенттердің теориялық дамуына қайшы келеді деген пікір де бар. Мұндай оқыту түрі ауызша абстракция түріндегі білім, ұғымдарды жалпылау және түсінуге бағытталған, оқу материалын ұғынуға жағдай жасайтын түрі болып саналады және жаратылыстану ғылыми пәндерін оқытуда көбірек қолданылады. Дәстүрлі оқыту процесінде кәсіптік бағдарлаумен ұштастыра отырып, оқу-танымдық қызметті белсендіру әдістерін енгізу көбінесе сәндік-қолданбалы өнерді

оқытудың және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тиімділігіне әсер етеді, студенттерде дәстүрлі қолданбалы өнердің әр түрлері бойынша кәсіби шеберліктің жоғары деңгейін қалыптастырады.

Беріктік принципі – сапа қалыптасып, тұлғаның жаңашыл дамуын, шығармашылық қызметте табысты болуын сипаттайды. Бұл принцип білім мазмұны мен танымдық процестерді бір-бірімен тығыз байланыстырып, оқу материалдарын тереңінен түсінуге мүмкіндік береді.

Пән материалдарын бөліктерге бөліп, негізгісін анықтау, логикалық байланыстарды жүйелі түрде тексеру, пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асады [8].

Теория мен тәжірибенің байланысы. Бұл принцип классикалық философияның өмір – тәжірибе таным көзі деген ережесіне сүйенеді. Тәжірибе – жеке тұлғаның еңбек тәрбиесін жан-жақты қалыптастырады. Оқытудың өмірмен, тәжірибемен байланысы білім мазмұнына, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға, оқыту формалары мен әдістеріне байланысты.

Теориялық білім – белгілі бір педагогикалық құбылысты талқылауға, қолдануға және түсіндіруге бағытталған ғылыми көзқарастар, түсініктер, идеялар жиынтығы [9]. Оқытуда тек қана теориялық білімге сүйену қателік, әсіресе тәжірибелік білімді қажет ететін – қолданбалы өнерде. Жалпылама ұғымдар да білімнің қажетті құрамдас бөліктері болып табылады және белсенді оқыту процесінде пәнді түрлендіруге әсерін тигізеді. Бұл ойлау, сезіну, үйрену қажеттілігінен көрініс табатын ақыл-ой дамуының негізі, шығармашылық белсенділігі мен олардың шығармашылық ізденістеріне бағыт-бағдар беру студенттердің саналы білім алуына жол ашады. Саналы ойлау және білім алу мәнін, оқу материалын терең түсінуге деген құштарлық, әсіресе дәстүрлі өнердің жекелеген түрлерін ұғыну білімдерді тәжірибеде толық қолдануға мүмкіндік береді.

Сәндік-қолданбалы өнерді оқытудағы жетекші қағидалардың бірі теория мен тәжірибенің байланысы принципі болып

табылады. Бұл әсіресе еңбек нарығына қажетті заманауи мамандарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болып отыр. Оқушылардың пайдалы еңбек өнімділігі дұрыс қойылған сайын, олардың болашақта заманауи өндірісте еңбекке араласуына жағдай жасайды. Білім неғұрлым өмірмен өзара әрекеттескен, тәжірибеде қолданылған, қоршаған ортада жүзеге асқан болса, тұлғаның санасы және қызығушылықтары соғұрлым жоғары болады.

Көрнекілік принципі. Оқыту сан алуан сезімді көрсететін көрнекі болуы керек. Көрнекілік оқу материалын әзірлеудегі иллюстрациялық құралдар ғана емес, сонымен қатар әртүрлі тактильді сезімдердің көмегімен қабылданатын құрал-жабдықтар арқылы да беріледі. Бұл жалпылама элементтерді алу үшін емес, өзгерістерді, олармен болатын даму үдерістерін, тұтас өзара әрекеттесулерді, пәнді, оның қасиеттері мен белгілерін жан-жақты игеру үшін қажет [10].

Қолданбалы шығармашылықты оқытудағы көрнекі құралдарға альбомдар, бұйымдар, шаруашылық құрал-жабдықтар, ұлттық костюмдер, табиғи нысандар, үздік оқушылардың жұмыстарын қамтыған оқу орнының әдістемелік қорын, өнер туындыларын жатқызуға болады. Олардың нұсқаларын салыстыру, ерекшеліктерін айқындау және талқылау дидактикалық тапсырманың орындалып, оқу материалын түсінуге тиімді мүмкіндік береді, сонымен қатар абстрактілі-теориялық ойлауды дамытады.

Қолжетімділік принципі студенттердің интеллектуалдық, адамгершілік, эстетикалық даму деңгейіне, зерттелетін материалдың көлемі және оқыту әдістеріне сәйкес анықталады. Бұл принцип шартты нормаларды анықтайды және орташа деңгейдегі студенттердің көркемдік шығармашылық дамуына мүмкіндік береді. Қолжетімділік принципі көркемдік білім беруде орындаушылық өнердің, бұйымның пішіні, түсінің қиындық деңгейін анықтау критерийі болып табылады. Орындаушылық өнерде қолжетімділік принципі композиция

мағынасының, стиль, түс, технологиялық сипатының қиындық деңгейін көрсетеді. Сәйкесінше, дәстүрлі оқытудағы қолжетімділік принципі бірізділік принципімен өзара тығыз байланыста болып, білімді жүйелі, шектеусіз, оқу материалын деңгейге сәйкес беруге мүмкіндік береді. Студенттердің даралық-тұлғалығын ескере отырып, қолжетімділік принципі белгілі дидактикалық ережелерге сәйкес жеңілден қиынға, қарапайымнан бастап күрделіге, жалпыламадан жалқыға қарай жүзеге асырылады. Бұл принцип қолданбалы өнерде көркем қолөнер бұйымдарын қабылдауда жасқа байланысты оқушылардың психо-эмоционалды даму деңгейіне әртүрлі әсер етеді.

Қабілеті жоғары дарынды студенттердің көпшілігі басқа студенттерге қарағанда көбірек және жылдамырақ оқитындығымен, ақпаратты жылдам қабылдауымен ерекшеленеді. Олардың қабілеттері бейнелеу немесе орындаушылық өнерде жетістіктерге жеңілірек жетуге мүмкіндік береді [11]. Жүсіпбек Аймауытов «Неге арналсаң, соны істе» атты мақаласында: Кісі туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады, басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет, яки зеректік болады» деген көзқарасын баяндайды. Дегенмен, жеке тұлғадағы туа біткен қабілеттер дамудың көзі болып табылмайды, оларға мүмкіндік туғызып, жағдайлар жасау, дұрыс басшылықты қажет етеді. Ол тәрбие мен әлеуметтік ортаға байланысты, соларға тәуелді болып келеді [12]. Сондықтан, қолжетімділік принципі аса маңызды принциптердің бірі болып есептеледі.

Вена педагогы Франц Чижек мектебінің педагогикалық әдісі балаларға шығармашылықта толық еркіндік беру болды. Мұнда тұлға тәрбиесінде оқулыққа да, сыртқы әлемге де еліктемей ішкі болмысын білдіруге назар аудару ұсынылды [13]. Осылайша тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етіп, өз ойы мен шығармашылығын еркін бейнелей алатын заманауи ұрпақ тәрбиелеуге болады.

Сәндік-қолданбалы өнер бойынша практикалық білім – студенттерді өзіндік кәсіби

қызметке және шығармашылық ізденіске тартудың мүмкін жолдарының бірі, дәстүрлі кәсіби шеберлікке ие заманауи педагог-суретшіні қалыптастырудың негізгі жолы. Сәндік-қолданбалы өнер маманы – керемет сәндік өнер туындыларын дүниеге әкеле алатын суретші. Оларда ол өзінің көзқарасын, өзінің “менін”, тек өзіне тән, жеке талғамын көрсетеді. Көркемдік ойлау – бұл өнер арқылы үйренетін ойлау. Шығармашылық туындыларымен танысу көркемдік ойлауды дамытуға ықпал етеді. Көркемдік ойлау қарым-қатынас, ізденіс нәтижесінде пайда болады [14]. Сондықтан сәндік-қолданбалы өнер маманын дайындау ерекше тәсілді қажет етеді. Шеберлік адам жасаған бұйымның көркемдік және эстетикалық қасиеттерін анықтайтын адам қызметінің негізі болып табылады. Тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі тануына және шығармашылығына жағдай жасайды.

Әдеби шолу. Бұл жолда жоғарыда атап өткендей адамзаттың мәдени-тарихи және көркем-педагогикалық мұрасын кеңінен меңгеру мен терең қабылдау негізінде жастарға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбие беру жүйесін одан әрі жетілдіру қажеттілігі әлі де туындап отыр. Қалыптасқан жағдайдың себебі халық өнері аз зерттелген сала болып қала беретіндігінде ғана емес, сонымен қатар, ғылыми пән ретінде кәсіби суретшілердің шығармашылығынан ажырататын немесе ерекшелейтін толық шекаралармен шектелмеген және белгілі бір анықтама берілмегенінде [15].

В.Ф. Максимовичтің ойынша оның себептерінің бірі «төмен философиялық және психология-педагогикалық мәдениет арасындағы сәйкессіздік пен кәсіби сәндік қолданбалы өнердің белгілі бір саладағы шебер педагогикалық құзыреттілігі жоғары педагогтардың жетіспеушілігі» [16]. Осыған сәйкес, шеберлердің халықтық шығармашылық тәжірибесі мен қолданбалы өнер суретшілерін даярлау жүйесі арасындағы қайшылықтар, қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық өнеріміздің құндылықтарын сақтауға бағытталған елеулі өзгерістерді талап етеді.

Эстетикалық тәрбиенің маңыздылығы оқушылардың көркемдік білімі мен эстетикалық тәрбиесі жалпы орта білім беру жүйесінің мазмұнын жаңғыртудың негізіне кіреді деп маңызын атап өткендей, сәндік-қолданбалы өнер жастарды көркемдік және эстетикалық дамытудың негізгі құралдарының бірі болып табылады [17].

Қазіргі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім беру кеңістігіне ену үдерісінде мұғалімдердің кәсіби дайындығына деген талап арта түсуде. Ғылыми салада білімді технологияландыру жөніндегі зерттеулер пайда болып, кәсіби дайындықтың мазмұндық және жеке аспектілерімен қатар оның технологиялық аспектілеріне де қызығушылық даму үстінде. Қазақстанда оқытудың жаңа технологиялары оқу үдерісінде белсенді түрде қолданылуда [18].

Дәстүрлі қолданбалы өнердің әр түрінің негізгі ерекшеліктері оның принциптері екенін растады:

- синкретизм дәстүрлі қолданбалы өнердің әрбір нақты түрінде эстетиканың, мәннің, мағынаның, көркем және шығармашылық идеяның бірлігі;

- дәстүрлі қолданбалы өнердің белгілі барлық түрінің тарихи көркемдік-технологиялық әдістерін міндетті түрде болашақ ұрпаққа жеткізу;

- әр түрдің ғасырлық тарихи кезеңдерді қамтитын көркемдік дәстүрлерін сақтау;

- алдыңғы буынның тарихи көркемдік-шығармашылық тәжірибесін қамтитын еңбектің ұжымдық сипаты;

- дәстүрлі қолданбалы өнердің белгілі бір түрінің аймақтық байланысы [19].

Нәтиже мен талдау. Осылайша қолданбалы өнер бағыты бойынша оқыту әдіс-төмесін құрастыру және оған жалпыға белгілі педагогикалық принциптер енгізілуі қажет:

- ұлттық қолданбалы өнердің барлық түрін жан-жақты қамту;

- эстетикалық тәрбиенің ережелерімен байланыс;

- оқу бағдарламасын жүйелеу;

Бұл сәндік-қолданбалы өнердің әрбір түрін жан-жақты дамытуға және кәсіби шебер

педагог дайындауға, сонымен қатар, сәндік-қолданбалы өнер туындыларының заманауи өндірісін құрастырып, қайта жандандыру да адамдардың жоғалған қызығушылығын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Мәдени-білім беру ортасын зерттеу және өнер туындысын жасау жолдары мыналарды анықтауға мүмкіндік береді:

- кәсіптік оқу орнының түлектері қоғамда өз мамандықтарын, өнерді қорғайтын көркем-шығармашылық орта құрады.

- мәдени-білім беру кеңістігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Сәндік қолөнер білім алушыларға мотивация беріп, эмоционалды, шығармашылық тұрғыдан тұрақтандырады. Бұдан туатын тұжырым өскелең ұрпақты батыс еуропа мен күншығыс елдерінің стилі мен мәдениеттеріне ұмтылуына тосқауыл жасап, ұлттымыздың өзіндік қолөнерімен, әдеп-ғұрпын, ұлттық мәдениетін жас ұрпаққа беру арқылы олардың жоғары сезімдерін қалыптастыруға болады деп санаймыз. Ол үшін ұлттық өнерімізді жас өрендер бойына сіңіруге, көптің игілігіне айналдыруға жан сала жігер жұмсап, жұмыс істеуіміз қажет. Сонда ғана шәкірттеріміздің бойында жоғары сезімдердің қалыптасуына ұлттық өнеріміздің өркен жаятыны ақиқат.

Өнер – бұл көзқарас бойынша субъективті сала, оның ішіне, әрине, қолөнер де кіреді. Сондықтан, егер тұлға өз сезімдерін қабылдамаса және мұғалімнің көзқарасын қабылдауға тырысса, ол өзін-өзі бағалауға нұқсан келтіреді, өзіндік “менін” жоғалтып алуға апарады. Оқытушының “талғамы” оқушының интеллектуалды және жеке тұтастығына нұқсан келтіріп, оның қиялын бұлдыратпауы өте маңызды. Оқытушының “талғамы” оқушының шығармашылыққа деген жеке көзқарасына кедергі келтірмеуі қажет.

Осы жағдайда эстетикалық қабылдауды тікелей бағалау мүмкін емес, өйткені бағалау жүргізілмес бұрын эстетикалық қабылдаудың не екенін анықтап алайық. Көбінесе эстетикалық қабылдау көзқараспен, рухани құндылықпен толықтырылады және қатар жүреді. Сезімдерді әртүрлі тәсілдермен жеткізуге және білдіруге болады. Сондықтан,

шығармашылықты бағалағанда пікір білдіру кезінде шектеулерден аулақ болып, тұлға тәрбиесінде өзіндік “менін” жоғалтып алмауға тырысу өте маңызды.

Қорытынды. Қазіргі уақытта елімізде ұлттық құндылықтардың қайта өркендеуіне жол ашылды. Жасөспірімдер ұлттық мәдениет пен салт дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп, дүниеге көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық. Ол үшін білім беру жүйесінде, тәрбие процесінде баланы жастайынан өнерге баулып, үздіксіздік принципін сақтауымыз қажет. Мектеп оқушылары өзін қоршаған ортаның әсемдігін сезіну, тану, қабылдау қасиеттері мен рухани мәдениетін қалыптастырып тәрбиелеу білім беру жүйесінің бір міндеті. Демек, мектептегі технология, еңбек, бейнелеу сабақтары балалардың патриоттық, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру мәселесін көркем-шығармашылық іс-әрекеттен бөліп қарамай оны ұлттық сәндік-қолданбалы өнермен тығыз байланыстырып ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, патриоттық сезімді қалыптастыру мәселесін шешуге болады. Одан әрі колледж, жоғарғы оқу орындарында білім тереңдетіліп ұрпақ

бойына сіңірілуі қажет. Олай болса ұлттық сәндік қолданбалы өнерді үйретіп оқыту арқылы ұлттық мәдениетті қалыптастыру оқу тәрбие үрдісінің негізгі міндеттерінің бірі болып келеді.

Мұндай маманды тәрбиелеу үшін кәсіби пәндер бойынша дайындық процесінде оқытудың кешенді тәсілі қажет. Бұл болашақ маманның кәсіби өсуіне көмектеседі, өйткені ол ойды, көркемдік образды, затты бейнелеу дағдыларын дамытады, көлем мен кеңістікті сезінуге үйретеді. Оқу процесінде студенттерде шығармашылық өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға, көркемдік образды және сәндік тілдің ерекшелігін жасау саласындағы кәсіби құзыреттіліктерді игеруге деген ұмтылыс қалыптасады. Нәтижесінде көркем-бейнелі ойлау мен шығармашылық қиялды, сондай-ақ қажетті кәсіби қасиеттерді белсенді дамытады.

Өнерге қосыла отырып, студенттер сәндік-қолданбалы өнерге деген қызығушылықты арттырады, эстетикалық талғамды қалыптастырады, халық шығармаларын жасаушыларға деген құрметке тәрбиеленеді, сәндік-қолданбалы өнер туындыларының мысалдары тұлғаның эстетикалық дамуына негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

[1] Н.Н.Терехова. Роспись глиняной игрушки как средство воспитания интереса и уважения к народному творчеству / Н.Н. Терехова, К.Ш. Золотарева. Образование и воспитание. – 2021. № 3 (34) – С. 26-32. URL: <https://moluch.ru/th/4/archive/198/6452/>

[2] Н.Н.Терехова, Декоративно-прикладное искусство в системе дополнительного образования как средство приобщения обучающихся к национальной культуре // Образование и воспитание. №1(32) С. 34-36, 2021 URL: <https://moluch.ru/th/4/archive/187/5995/>

[3] Максяшин А.С., Декоративно-прикладное и народное искусство: их сущность и содержание: учебное пособие. – Екатеринбург: Издательский дом «Уральская государственная юридическая академия», 2012. 4 - 44 б., ISBN 978-5-7845-0380-0

[4] В. В. Корешков, Л. В. Новикова / «Декоративно-прикладное искусство и дизайн в системе профессиональной подготовки будущих учителей» – Вестник НВГУ. Москва, Россия – 2017. № 3 (20-25).

[5] Chen Qiu, Kathy Kar-man Shum, Relations between caregivers' emotion regulation strategies, parenting styles, and preschoolers' emotional competence in Chinese parenting and grandparenting, Early Childhood Research Quarterly, Volume 59, 2022, Pages 121-133, ISSN 0885-2006, <https://doi.org/10.1016/j.ecresq.2021.11.012>

[6] Markham May and Sue Warr, Teaching Creative Arts and Media 14+, ISBN-13: 978-0-33-523752-4 (pb) 978-0-33-523751-7 (hb) ISBN-10: 0-33-523752-5 (pb) 0-33-523751-7 (hb) eISBN: 978-0-33-523997-9, Printed in the UK by Bell & Bain Ltd, Glasgow –2019. P. 85

[7] Onal Abisheva, Maria Derbisova, Anar Tanabayeva; Aknur Karbozova, Interconnection of fine arts and other disciplines. - Педагогика и психология - № 4(49) – 2021. ISSN 2077-6861

- [8] Abisheva O., Қораласбек А. Взаимосвязь арт образования с другими дисциплинами // Педагогика и психология. – 2022. – № 2(51). – С.149–158: DOI: 10.51889/2022-2.2077-6861.17 [Электронный ресурс]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/853> (дата обращения: 3.12.2022)
- [9] Amangeldina D. S., THE PERCEPTION OF ART AND THE FORMATION OF AN IMAGE A VISUAL BASIS// International conference «Global Science and Innovation» Chicago, USA 2013, P. 500–513.
- [10] Clark, Gilbert. Teaching talented art students: principles and practices / Gilbert Clark, Enid Zimmerman. p. cm. Includes bibliographical references and index. ISBN 0-8077-4445-X (pbk.), Printed on acid-free paper Manufactured in the United States of America, 2016.
- [11] Әбенбаев С., Әбиев Ж., Педагогика: Оқу құралы. – Астана – Фолиант, 2009. 336 б., ISBN 9965-35-795-1
- [12] Adal Raja, Beauty in the age of empire: Japan, Egypt, and the global history of aesthetic education Raja Adal. Description: New York: Columbia University Press, 2019, ISBN 9780231549288, <https://doi.org/10.7312/adal19120>
- [13] Margaret Macintyre Latta and Elaine Ch, Teaching the Arts to Engage English Language Learners. ISBN 0-203-83723-1 Master e-book, 2020, P. 239-40
- [14] Ивахнова Л.А., Концепция и содержание программы подготовки магистра по направлению «Художественное образование. Изобразительное искусство» // Омский научный вестник. Серия: Общество, история, современность. – Омск, 2011. – № 3(98). С. 188–192.
- [15] Асқарова Ж. А., Иманкулова Л.Б., «Кәсіби білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологиялар»: Оқу құралы. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. 189 б.
- [16] В.Ф. Максимович, Теоретико-методологические основы подготовки специалистов в области традиционного прикладного искусства. Научный диалог - Выпуск № 12 (60), - 2016.
- [17] Оспанов С. И. Жоғары оқу орнында білімдендірудің заманауи технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. Современные технологии образования в высшей школе: Учебно-методическое пособие. Problems of improvement of modern technology education in high school: Training handbook / С. И. Оспанов. – Алматы, 2015. ISBN 978-601-224-648-3
- [18] Laura Ibrayeva, Janet Helmer, Anna Cohen Miller, “Thinking outside the Yurt”: Kazakhstani upper secondary school teachers’ beliefs about the nature of creativity and creative students, Thinking Skills and Creativity, Volume 46, 2022, 101176, ISSN 1871-1871, <https://doi.org/10.1016/j.tsc.2022.101176>. (<https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1871187122001791>).
- [19] Tyson E. Lewis, Megan J. Laverty Editors Art’s Teachings, Teaching’s Art Philosophical, Critical and Educational Musings, ISBN 978-94-017-7190-0, Springer Dordrecht Heidelberg New York London, 2018. P. 1-16.

MPHTI 14.35.01

10.51889/2077-6861.2023.1.30.029

N.T. SARTAYEVA ¹, E. UAIDULLAKYZY ¹, M. ZHUMAGUL ¹,B.O. TOLEGENOV ², D.R. KERIMBAEVA ³¹ KazNPU named after Abai (Almaty, Kazakhstan)² University of Glasgow (Glasgow, The United Kingdom)³ Al-Farabi KazNU (Almaty, Kazakhstan)

FORMATION OF INFORMATION LITERACY OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Annotation

Today, the rapid pace of development of society leads us to a confluence with a huge flow of information. Information is becoming more and more extensive in any area. Of particular importance is the wide amount of information at the initial stage of Education, which forms the Future Foundation of a person, the relevance of the formation of Information Culture, Information Literacy, which is necessary for students of primary school age to regulate their attitude to them, its correct application. Information literacy allows you to orient yourself in the information world, change direction, adapt to changes in information tasks. It is also made up of intellectual